

**Информатиканы**

**оқытуда**

**мұғалімнің рөлі**

Орындаған: Рахатжан Рийган

# Информатиканы оқытуда мұғалімнің рөлі

- Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қоғамның барлық саласына белсенді түрде енуі білім беру жүйесін де шет қалдырмады. Адамдарды ақпараттық қоғам өміріне даярлау үшін, осы жаңа қоғамның технологияларын үйрету қажет. Мектепте компьютер мен АКТ-нің пайда болуы білім берудің негізгі субъектілері – мұғалім мен оқушы арасындағы қарымқатынастың өзгеруіне әкелді. Оқушы біршама еркіндікке ие болды, яғни ол қажетті ақпараттық кеңістік шеңберінде қала отырып, әзірленген ережелер шегінде ақпаратпен алмасудың бастамашысы бола бастады.

□ Компьютерлік оқыту бағдарламалары «әңгімелесу» диалог режимінде тағы бір – «компьютер-оқушы» жүйесін қалыптастырды. Оқушының интерактивті режимде ұзақ уақыт бойы мұғалімінің қатысуынсыз компьютермен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы табылады. Оқытудың жаңа түрі болып табылады. Жақсы оқытушы бағдарламалар белгілі бір шектеулеріне қарамастан оқушыға дербес қарым-қатынасты ауыстыра адами қарым-қатынасты еткенімен, алмайды. Оқушыға білім алудың көптеген бағыттарын ұсынатын гипермәтіндік технологиялардың пайда болуы, оқытуда компьютерді қолданудың жаңа кезеңі болып саналады. Осыған орай оқушының танымдық әрекетінің беталысынан, білім алуды өздігінен басқаруға ауысуы байқалады.

□ Ақпараттық технологиялар білім беруді адамзаттан алшақтатады деген үрейдің іс жүзінде жаны жоқ, керісінше, компьютерлік сыныпта сабақ өткізген мұғалімдер оқушылардың талап етілген нәтижені алған кезде қандай қуаныш сезімінде болатындығына көз жеткізді, мұндағы басты табылады. Техника мұғалімдердің аяқтау болып табылады. Техника мұғалімдердің орнын басады деген теріс түсінік негізсіз, қайта ақпараттық технологиялар мұғалімдердей бола алмайды да, олардың талантын, шығармашылық қабілеттерін бағалай алмайды. Оқушының компьютерде жұмыс істеуі кезінде басты рөлді мұғалім атқарады, себебі оның білімі де, тәжірибесі де мол, енді ол оқу үрдісінің – ұйымдастырушысы, кенесшісі, сарапшысы. Мұғалім оқу және қарым-қатынас ортасын енді ақпаратпен алмасуда бастамашы жалғыз мұғалім ғана емес: оқу жағдайына байланысты, ол оқу бағдарламасына әдістемелік амалдарды, қарым-қатынас түрлерін өзгерте алады. Оның басты міндеті, білім алудың жайлы ортасын қалыптастыру болып табылады.

□ Компьютерлік технологиялар мұғалім мен оқушы арасындағы диалог режиміне сәйкес қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың жаңа амалдарын құрайды. Компьютер мен педагогикалық бағдарламалық құралдар бұрыннан қалыптасқан қызметтерді (тренаж, мәтіндік бақылау және т.б.) өзіне міндеттеп, мұғалімге неғұрлым шығармашылық, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың нағыз адами міндеттерін қалдыра отырып, мұғалімге жұмыс стилін жетілдіруге көмек береді. Пікір-талас жүргізу, пайымдауды мадақтау, пәнді қолдау, оқушыларға алуан түрлі материалдарды түсіндіру кезінде қажетті бөлшектеу деңгейін таңдай білу сияқты оқу-тәрбиелік үрдістің маңызды компоненттерінде мұғалім әлі де (мүмкін өмір бойы) компьютерден әлдеқайда күштірек болады. Компьютер, мұғалімнің оқушымен және оның ата-анасымен жеке сұхбаттасуын ауыстыра алмайтынын айтпағанда.

□ «Барлық пікірлер бір ғана басты тезиске келіп тіреледі: мұғалімнің рөлі компьютерлік оқыту кезінде де сақталады, компьютердің рөлі қай кезде де мұғалім мен оқушының сенімді әрі жақын көмекшісі ретінде ғана болып қалады», басқа да оқыту құралдары сияқты әдістемелік құрал болып есептеледі. Қорыта айтқанда, компьютерлік оқыту үрдісінде басты рөлді информатика мұғалімі атқарады, сол себепті ол жана жетістіктер туралы тұрақты ақпаратқа, тәжірибемен алмасуға, оқытудың материалдық базасын жақсартуға әрдайым мұқтаж болады.